5.2 ХАЛЫҚ САНАҒЫ/ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАҚТАУ ЖӘНЕ САУАЛ

5.2.1 ХАЛЫҚ САНАҒЫ

Өтемақы алуға және тіршілігін қамтамасыз етуге көмек алуға құқы бар жер иелері мен пайдаланушыларды (жерге ресми құжаты бар және жоқ жер пайдаланушыларды/иелерін, сондай-ақ осал топтарды) айқындау үшін халық санағы өткізілетін болады. Жоба шеңберінде санақ өткізу және кейіннен тиісті жер иелері мен пайдаланушылардың сипаттамаларын әрі қарай анықтау және ТҚІЖ әзірлеу үшін базалық әлеуметтік-экономикалық жағдайды тексеруге тараптық консультант тағайындалатын болады. ТҚІЖ жерді сатып алғанға дейін және ЕҚДБ келісім әзірлегенге дейін әзірленіп енгізілетін болады.

Санақ шеңберінде мыналар орындалатын болады:

- Әкімдіктер мен жергілікті билік органдары (әкімдіктер өкілдері үйлерге барады және тиісті жер пайдаланушылары мен иелерін ашық жиналысқа шақырады) арқылы барлық тиісті жер иелері/пайдаланушылары (уақытша немесе тұрақты пайдалануға немесе екі түрге сатып алынған жер) анықталатын болады.

- Санақ жарияланған кезде, қорытынды күн белгіленетін болады. Осы күн тиісті жер иелері мен пайдаланушыларына жеткізілетін болады.
- Жер иелері мен пайдаланушыларының тізбесі құрастырылатын болады, оған олардың аттары, байланыс деректері мен тұрғылықты мекені енгізіледі. Тізбе қорытынды күнге дейін толтырылады және осы күннен кейін келетін кез келген тұлға өтеуге құқығы жоқ болып саналатын болады.
- Іле аудандық әкімдігі және Қапшағай қаласының әкімдігі жер сатып алуға жауапты болады.
- ҚазАвтоЖол Іле әкімдігінің жер бөлімімен бірге ТҚҚ іске асыруға басшылық етеді және қоғаммен жұмыс бойынша жауаптығы (ҚЖЖ) мен жергілікті қолдау командасын бөледі, олар тиісті жер иелері/пайдаланушыларымен жұмыс істейтін болады және ТҚҚ барысында оларға ақпарат жеткізеді.
- Тағайындалған тараптық ТҚІЖ әзірлеу және енгізу бойынша консультант тізбені толтыруды аяқтауды қамтамасыз ету үшін нысандарға баратын болады.

5.2.2 ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ САУАЛ

Тараптық консультант тиісті жер иелері/пайдаланушылары (оның ішінде ресми құқық белгілейтін құжаттары жоқ), сауда нүктелері мен кәсіпкерлер немесе бұрылу таспасында құқықтары бұзылатын үй иелері туралы деректер алу үшін әлеуметтік-экономикалық сауалнама өткізеді. Барлық тиісті тұлғалармен сауалнама өткізіледі. Сұрақтар мыналарды қамтиды:

- Үй шаруашылығының құрамы;
- Жас шамасы;
- Табыс көзі (мал басын қоса);
- Тұрғылықты мекені;
- Жынысы – ТҚІЖ іске асыру кезінде әйелдер проблемалары мен қажеттіктерін міндетті ескеру үшін жеке сауалнама мен консультациялар өткізілетін болады;
- Жұмыс өтілі;
- Телефон/ұялы байланыс болуы (яғни байланысты қамтамасыз ету үшін қарапайым тетік болуын белгілеу);
- білім;
- денсаулық жағдайы;
- жерде маусымдық жұмыскерлер мәртебесін қоса маусымдық өзгерістер (егер болса);
- қандай көмекті олар барынша тиісті деп санайды (мысалы ауыл шаруашылығы жабдықтарын алуға көмек, несие алуға көмек); сондай-ақ
- құқық қабілеттілік – құқық қабілеттілік өлшемдері әзірленген (4-кесте).

5.3 МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР

ТҚІЖ әзірлеу және оны жүзеге асыру үшін мүдделі тараптарды қатыстыру бойынша бірқатар іс-шаралар өткізілетін болады. Мынадай іс-шаралар жасалады:

Барлық тиісті жер иелері және жер пайдаланушыларымен консультация (құқық белгілейтін құжаттары жоқ барлық тұлғаларды және жергілікті кәсіпкерлерді қоса)

Консультант Іле аудандық әкімдігінің қолдауымен тиісті тұлғалармен консультациялар өткізеді. Консультация тиісті тұлғаларды және үй шаруашылықтарын анықтағаннан кейін және санақ өткізу процесі басталғаннан кейін өткізіледі. Санақ пен консультациялар бір уақытта, жергілікті халықты шаршатпау және шатасуды болдырмау үшін өткізіледі. Әйелдердің проблемасы ТҚІЖ іске асыру кезінде ескерілетіндей әйелдер қатысуымен фокус-топтарға сауалнама өткізіледі. Тиісті жер иелері және пайдаланушылармен консультация мына үлгімен өткізілетін болады:

- Әкімдер арқылы тиісті тұлғалармен консультация
- Құрастырымды және мәдени тиісті, қазақ тілінде
- Мөлдір және қандай да бір айла-шарғыларсыз
- Қоғамдық жалпы қол жеткізімді орында өткізу

Әкімдер қатысуы және олармен консультация

ЖІТ жұмысы шеңберінде (ҚазАвтоЖол жауаптылық саласы болып табылатын) жоба басшыларымен және әкімдермен кездесу өткізілетін болады, себебі ТҚІЖ барлық процесі барысында бір тарапты консультанттың қолдау алуы үшін керек болады. Жоба бойынша ҚЖЖ тіршілік үшін қаражат алу және өтемақы алуда көмек көрсету туралы пікірталасты басқарады. Барлық келіссөздер ҚЖЖ және әкімдермен өткізілетін болады.

5.4 ҚОРЫТЫНДЫ КҮНДІ БЕЛГІЛЕУ

Қорытынды тіркеу күні санақ өткізу хабарламасында көрсетілетін болады, себебі бұл құқылы жер иелері және жер пайдаланушыларын айқындау мен тіркеу мерзімін шектеу үшін қажет болады. Мүдделі тараптардың түрлі топтарымен консультациялар мүдделі тараптармен өзара әрекет ету жоспарында (МТӨЖ) берілген процестерге сәйкес өткізілетін болады. Кез келген жер иесі немесе пайдаланушы осы күннен кейін келсе, ол өтемақы мен көмек алуға құқылы болмайды. Құрылыс 2019 жылғы 1-2-тоқсанда басталады және 37-43 ай ішінде аяқталады деп жоспарланып отыр. Осы үлгімен тіркеудің соңғы күні құрылысты бастардан 6 ай бұрын белгіленуі керек болады. Алайда ТҚІЖ барысында зерттеулер өткізу үшін мынадай рұқсаттар пайдаланылатын болады:

- Санақ өткізу және ТҚІЖ процесін аяқтау үшін 4-6 айлық мерзім бөлінетін болады;
- Осы уақыт ішінде өз деректерін тіркейтін жер иелерімен пайдаланушылар, егер олар ертеректе көрсетілген өлшемдерді қанағаттандыратын болса, «құқылы» болып саналатын болады;
- Маусызды қалыптарды және құқық белгілейтін құжаттары жоқтарды айқындау мақсатында ТҚІЖ іске асыруды бастаған сәттен бастап толық 12 ай ішінде мониторинг өткізілетін болады. ТҚІЖ іске асырудың бірінші 4 айынан кейін тіркелетіндердің қалпы мен құқық қабілеттілігі талданатын болады (өтемақы алғысы келетіндердің мүмкін арту нышаны жағдайында).
- Тіршілігін қалпына келтіруге көмек тіршілікке қаражатын қалпына келтіру бойынша іс-шараларға қатысқысы келетіндерге берілетін болады. Тиісті жер иелері мен пайдаланушылары процестің құрылымы мен мөлдірлігі туралы ақпарат берілетін болады және оларға қатысу ұсынылады. Мүдделі тараптармен өзара әрекет ету жоспарында берілген процедураларға сәйкес мүдделі тараптардың түрлі топтарымен консультациялар өткізілетін болады (МТӨЖ).
- Іле аудандық әкімдігі тиісті жер иелері мен пайдаланушыларға өтемақы берілуі мен көмек көрсетуге және материалдық-техникалық көмекті қамтамасыз ету және ТҚІЖ іске асыру кезінде консультациялар өткізу орындарына жеткізу құралдары үшін жауап беретін болады.

5.5 ЖЕР МЕН АКТИВТЕРДІ БАҒАЛАУ

Сатып алынатын жер мен активтердің құнын бағалауды тәуелсіз бағалаушы өткізетін болады. Активтерді бағалау кезінде мыналар ескерілетін болады:

- Шығын әдісі – нысанның салынған жылына немесе жерді сатып алу жылына байланысты, осындай сапалы балама жерлердің нарықтық құны (топырақ өнімділігі мен сапасын есепке алып);
- Табысты бағалау – ауыл шаруашылығы қызметінен (жылдық табыс және кіріс), коммерциялық кәсіпорындардан (кафе, мейрамханалар) алынған жылдық табыс

Құқық қабілеттіліктің жалпы матрицасы

ТҚІЖ іске асыру барысында тиісті жер иелері мен пайдаланушыларына тіршілікке қаражат алу және өтемақы алудың балама бірқатар тәсілдері ұсынылатын болады. Тіршілікті қамтамасыз етуге көмектің таңдалған нұсқасы және өтемақы пакеті (немесе қаражатпен не балама жер телімдерімен) олардың тиістілігін анықтау үшін тиісті тұлғалармен консультациялар барысында қарастырылатын болады. Нұсқалар жобамен қарастырылған түрлі тұлғалар (ЖҚТ) санатын және әсер ету сипатын есепке алып қарастырылатын болады (тұрақты немесе уақытша жерді немесе табысын жоғалту). Мысалы балама жерлер немесе аумақтар, егер дәліз құрылысы

клиенттерге кафеге немесе шағын сауда нүктесіне дейін жетуге кедергі жасайтын болса, өтемақының мынадай нұсқалары қарастырылатын болады.

4-кесте: Өтемақы нұсқалары

Қалыптасқан жағдай	Жобаға қатысты тұлғалардың алдын ала санаттары (ЖҚТ)	Әрбірі үшін қарастырылуы тиіс ірі өтемақылар
<p>Жол бойына жеке жер иелері орналасқан. Жол бойына ауыл шаруашылығы жерлері байқалмады. Алайда кейбір ауыл шаруашылығы жайылымдары жолдан әрі қарай байқалады. Жолды салу үшін жеке жер бөліктері сатып алынатын болады.</p>	<p>1-санат: жерлері тұрақты пайдалануға алынатын жеке жер иелері</p> <p>Тұрақты сатып алынған жерлер жаңа жолды сатып алу үшін қажетті аумақты қамтиды.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Алмастыру құны бойынша жерді сатып алу (ағымдағы нарықтық құны және транзакциялық шығындар) • Өтеу құны бойынша бір жылдық немесе бірнеше жылдық дақылдарды өтеу және ауыл шаруашылығы өнімінен алынатын жылдық табыс • Құнын толықө аулмастыру бойынша дер бетілік барлық құрылымдар мен құрылыстар үшін өтемақы • Құрылыс кезеңінде жол арқылы малдың өтуіне көмек көрсету • Егер жерді сатып алу мал жайылымы мен бордақылау үшін алаңды шектейтін/азайтатын болса, өтемақы беру
<p>Негізінен шаруа қожалығымен және мал шаруашылығымен айналысатын жер пайдаланушылар бар.</p> <p>Жол бойына көптеген жерлер жайылым болып табылады.</p> <p>Осы топ жалға алушыларға жатқызылады, себебі олар жерді мемлекеттен жалға алады (негізінен 49 жылға)</p>	<p>2-санат: жер пайдаланушылар (осыған екінші барлық жер пайдаланушылар кіре алады, олар жер пайдалану мен мал шаруашылығында негізгі жер пайдаланушыларға көмек көрсетеді) жерлері тұрақты пайдалануға сатып алынатын болады</p> <p>Тұрақты сатып алынатын жерлер жаңа жолды салу үшін қажетті аумақты қамтиды</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Жайылықдық жерлер = жайылымдарға арналған жерді пайдаланғаны үшін ақшалай өтемақы және мал жаю мен өсіру үшін алаңның азайтылуына байланысты жоғалтылған барлық табыс. • Ауыл шаруашылығы жерлері = алмастырудың барлық толық құнымен барлық дақылдарға ақшалай өтемақы және алмастыру құны бойынша өсімдік шаруашылығы үшін шығын • Балама бағдарлар беру немесе қол жеткізу құқықтарын жойғаны үшін өтемақы беру • 10-25% көлемінде бір реттік жәрдемақы төлеу түрінде тіршілікке қаражатты қалпына келтіру (сомасы басқа жер үшін жалдау ақысының қандай болатынына байланысты болады, олар көшет, тұқым мен тыңайтқыштар сатып ала алады ма)
<p>Оңтүстік батысқа 400 м орналасқан үй және Күрті ауылына қосылудан оңтүстікке қарай 300 м кафе бұрғылау жару жұмыстары үшін сал бола алады. Кафе</p>	<p>3-санат: сауда нүктелері мен кәсіпорындар (оның ішінде кафе мен дүкендер), оларда табыс бір уақытта өзгерген қалыпқа байланысты әсер етуі мүмкін</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Жылдық табысын жоғалтқаны үшін өтемақы немесе бизнес құру үшін балама аумақ беру • Қол жеткізуді жоғалтқаны үшін өтемақы

Қалыптасқан жағдай	Жобаға қатысты тұлғалардың алдын ала санаттары (ЖҚТ)	Әрбірі үшін қарастырылуы тиіс ірі өтемақылар
<p>алысқа шығатын жүргізушілер арасында танымал. Құрылымға келтірілетін зияндарды есепке алуды қамтамасыз ету үшін бұрғылау жарылыс жұмыстары басталғанға дейін иесінің қатысуымен құрылымды тексеру өткізілетін болады</p>		
<p>Біреуі Қапшағайда, екіншісі Күртіде екі құрылыс лагері салынатын болады.</p>	<p>3-санат: жер пайдалану немесе иелену мәртебесіне уақытша әсер етілетін – құрылыс лагерьлері, құрылыс дәлігі, карьер мен құрылыс қоймалары, яғни жерді шеттету орны алатын жер иелері мен пайдаланушылары</p> <p>Уақытша құрылымдар құрылыс лагерьлерін, құрылыс қоймаларын, кіреберіс жолдар және т.б. қамтиды. Жер уақытша барлық құрылыс кезеңіне бос болмайды, содан кейін жобаға дейін болған жағдайға дейін қалпына келтіріледі және жер иесіне немесе пайдаланушыға берілетін болады</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Жер иесі: құрылыстың үш жылдық мерзіміне немесе егер құрылыс үш жылдан артық созылса қосымша ай сайынғы жалдау ақысы түрінде өтемақы • Жер пайдаланушылары: құнын толық алмастыру бойынша құрылыс кезеңіне ауыл шаруашылығы табысы мен дақылдарды жоғалтқаны үшін өтемақы • Ауыл шаруашылығы жерлерін пайдаланушылар үшін 10% - 25% дейінгі көлемде бір реттік төлеу түрінде тіршілікті қалпына келтіру, бұл оларға басқа орында жерді жалдауға және жаңа көшеттер, жаңа тұқымдар, сондай-ақ тыңайтқыштар сатып алуға мүмкіндік береді.
<p>Кейбір әйелдер жерге қандай да бір құқықтық мәртебеге ие бола алмауы мүмкін, алайда олар жер пайдалануға дәстүрлі құқығы бола алады.</p> <p>WSP компания мамандарының нысанға баруы құқық белгілейтін құжаттары жоқ қандай да бір тұлғаларды осы ауданда анықтамады. Алайда осындай топтың болуы немесе болмауын санақ растауы керек.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Әйелдер және жерге құқық белгілейтін ресми құжаттары жоқ тұлғалар әдетте оларға құжаттары жоқ тұлғалар мәртебесін берумен әдеттегі құқыққа ие болады 	<ul style="list-style-type: none"> • Жерді пайдаланумен пайдаланысты табыс жоғалтуына өтемақы немесе балама телімдер беру

5.6 АЛМАСТЫРУ ҚҰНЫН ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

Халықаралық алыдңғы қатарлы практикаға сәйкес активтерді, жерлерді жоғалтқаны үшін өтемақы мөлшерлемелері немесе бағалануы қиын шығындар үшін мынадай ережелер пайдаланылатын болады:

5-кесте: ТС 5 ХҚК сәйкес өтемақы құнын есептеу

Жоғалтылған активтер үшін өтемақы мөлшерлемелері өтеудің толық құны бойынша есептелуі керек (яғни активтердің нарықтық құны және транзакциялық шығындар). Өтемақы сомасын есептеу процедурасы мөлдір және жобаға тиесілі болған тұлғалар үшін жеңіл түсінікті болуы керек. Сомасы кем дегенде жылына бір рет құнсыздануға сәйкес түзетілуі керек. Жеңіл бағалана немесе ақшамен өтеле алмайтын шығындарға қатысты табиғи көріністе өтемақы берген дұрыс болады. Алайда бұндай өтемақы тауар немесе ресурстар түрінде берілуі керек, олар балама немесе үлкен құндылыққа ие болады, мәдени қолданымды болып табылады және жергілікті тұрғындар оны өзіндік ие бола алады. Жер мен активтерге келетін болсақ, олардың алмастыру құны мына үлгімен анықталады:

- **Өсімдік өсіруге арналған жерлер немесе жайылымдық жерлер:** тең өндірістік пайдаланумен немесе әлеуетімен, тиісті жерге жақын орналасқан немесе жаңа мекенді салу орнында орналасқан дерге тең жер және жерді алынған жер деңгейіне дейін балама немесе жоғары дайындауға кететін шығындар және салықты тіркеу және алмастыру немесе әдеттегі алымдар сияқты транзакциялық шығындар. Алмастыратын жерлерді бөлетін жағдайда, тапсырыс беруші аудандарда тікелей жақындықта орналасқан, жері алынбаған аудандарға хабарласып, қазіргі және әлеуетті жер пайдалану арасында айырмашылықты анықтауы керек, бұл ұсынылған жерлер балама әлеуетке ие екендігін анықтау үшін керек. Әдетте ол үшін жерді құнарлылығы және/немесе жетекші қасиетіне тәуелсіз бағалау талап етіледі (мысалы топырақты зерттеу, аргономиялық мүмкіндіктерін салыстыру). Алынған жер үшін құнарлылығы кем телім түрінде өтемақы тіршілікке қаражатты қалпына келтіруге кедергі бола алады және жылжитқанға дейінгі ресурстардың барынша жоғары құнын талап етеді. Жер теліміне байланысты өтемақы беру стратегиялары ауыл шаруашылығы есебінен өмір сүретін үй шаруашылықтары үшін өтемақының қалаулы нысаны болып табылады.
- **Демалыстағы жер:** жердің нарықтық құны алынған жердің жанындағы жердің құнарлылық құндылығына тең. Егер құнын анықтау мүмкін болмаса, табиғи көріністе өтемақы берілуі ұсынылады.
- **Тұрғылықты тармақтағы жер:** балама немесе жақсартылған инфрақұрылыммен және коммуналдық қызметтерімен балама алнды және пайдалану түріндегі жердің нарықтық құны алынған жерден жанынан орналасуы қалаулы, сонымен бірге тіркеуге және беруге салық сияқты транзакциялық шығындар.

Үйлер мен басқа құрылымдар (мектептер, емхана және діни ғимараттар сияқты қосамдық құрылымдарды қоса): сатып алу немесе алаңы мен сапасы балама немесе алынған ғимаратқа қарағанда барынша жоғары немесе алынған ғимаратты жөндеуді, еңбекті төлеу, мердігерлерге төлеу және тіркеу, салықтарды аудару және көшумен байланысты шығындарды қоса транзакциялық шығындармен құрылымды салу құны.

Табиғи ресурстарға қол жеткізуді жоғалту: жабайы дәрілік өсімдіктерді, отын және басқа да ағаштан емес орман өнімдері, ет немесе балықты қоса алатын табиғи ресурстардың нарықтық құны. Алайда ақшалай өтемақы табиғи ресурстарға жоғалтылған қол жеткізуді өтемдүң тиімді әдісі сирек болады, сондықтан басқа орында осындай ресурстарға қол жеткізуді немесе қол жеткізуді жеңілдету үшін барлық күштерді салу керек, бұл ақшалай өтемақы қажетсіздігі болдырмауға немесе азайтуға мүмкіндік береді.

ХҚК, 2012

5.7 ОСАЛ ТОПТАР (TP5 КОНТЕКСІНДЕ)

ЕҚДБ осал топтарды анықтауына негізделіп, осы санат жыныс, этникалық иесілігі, жас мөлшері, физикалық немесе ақылының толық еместігі, экономикалық қолайсыздығы немесе әлеуметтік мәртебесі бойынша басқаларына қарағанда жылжу әсеріне түсетін және өзінің көшірілуі бойынша көмек талап ете немесе оны пайдалануда шектелген және тиісті даму пайдасына ие емес тұлғалар түсе алады.

Көшу контексінде осал топтарға кедейшіліктен тыс жатқан, жері жоқ, егде адамдар, үй шаруасындағы әйелдер мен балалар, этникалық аз топтар немесе жерге арналған ұлттық өтеу немесе жерге меншік құқығының көмегімен қорғала алмайтын тұлғалар да жатқызылады.

Осы аталған тұлғалар туралы деректер негізінде шамамен 28 қожалық және 3 коммерциялық пен өнеркәсіптік компаниялар жер иесі болып табылмайды және бұдан олар ЕҚДБ TP5 талаптарына негізделген барлық өтеу төлемдерін ала алмай қалады

Осы әлеуетті әсер ету ПВЖ және кейіннен МТІЖ іске асыру арқылы құрылатын құқықтық негіз көмегімен жұмсартыла алады.

Әйелдер (дәстүрлі ерекшеліктерге байланысты консультацияларға қатыса алмайтын немесе өтемақы талап ете алмайды), егде адамдар, мүгедектер мен созылмалы ауруға ие тұлғалар немесе төмен әлеуметтік-экономикалық мәртебеге / шығу тегіне ие тұлғалар «осал топтар» санатына жатқызылады және олардың проблемаларын осы МТӨЖ іске асыру барысында шешу керек болады. ЖҚҚ жобасын іске асыру кезінде осал топтар анықтала алады, олар кейіннен МТӨЖ қосылады және олар үшін ақпарат жеткізудің барынша тиісті тәсілдері анықталатын болады.

5.8 ШАҒЫМДАР МЕН ӨТІНІМДЕРДІ ҚАРАСТЫРУ ТЕТІКТЕРІ

Шағымдарды қарастыру процедурасы ТҚІЖ құрылатын болады, ол арқылы барлық ЖҚТ өздерінің шағымдары және/немесе өтінімдерін жобалық ЖҚҚ бере алатын болады. Осы процедура ТҚІЖ айқын анықталған және МТӨЖ шеңберінде қалыптастырылған жоба бойынша шағымдарды қарастыру процедурасына сәйкесетін болады (А қосымшасы). Тиісті жер иелері және пайдаланушылар өздерінің алаңдаушылықтарын Іле ауданы және Күрті ауылының әкімдері арқылы хабарлай алады. Барлық ЖҚТ осы процеске қаай қатыса алады және шағымдар қалай бере алатыны туралы ақпарат жолданды. ЖҚҚ барлық шағымдар бойынша 30 жұмыс күні шіінде жауап берілуін қамтамасыз етуі керек. Кейбір тиісті адамдар сауатсыз болуына байланысты, шағымды жеке кездесу кезінде хабарлауға болады. ЖҚҚ ТҚІЖ орындалуын тексеретін болады және процесс аяқталғаннан кейін тиісті адамдармен жағдайды қарастыратын болады. Жобаның барлық мүдделі тараптарына мониторинг туралы жылдық есеп жолданатын болады.

5.9 МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Жоба түрлі кезеңдерде жерді сатып алу процесін тексеріп қадағалайтын болады және мынадай көрсеткіштер негізінде оларды бағалау іске асырылатын болады

6-кесте: Мониторинг және бағалау

Сауал	Мониторинг	Прогресс немесе нәтиже индикаторы
Жерді тұрақты пайдалануға сатып алу	Жер иесінің/пайдаланушының тіршілік деңгейіне қатысы болмауына көз жеткізу үшін тоқсан сайын/жыл сайын жер теліміне инспекция	Айырбастаудың толық құны бойынша жерді өтеу Жерді пайдаланушы/иесінің процестен қанағаттануы Мал өсіру бойынша қожалықтағы жұмыс жалғасатын болады Бақташылар малды жайылымға шығара алатын балама аумақтар бар
Жерді уақытша сатып алу	Жер иесінің/пайдаланушының тіршілік деңгейіне қатысы болмауына көз жеткізу үшін тоқсан сайын жер теліміне инспекция.	Жерді нарықтық құны бойынша жалдау құны және жер пайдалануды жоғалтқаны үшін табиғи көріністе өтеу Жоба бойынша жерді уақытша пайдалану аяқталғаннан кейін жер бұрынғы қалпына дейін келтірілуі керек
Қол жеткізу құқығын жоғалту және жоба нәтижесінде тіршілік деңгейіне әсері	Жер иесінің/пайдаланушының тіршілік деңгейіне қатысы болмауына көз жеткізу үшін тоқсан сайын/жыл сайын жер теліміне инспекция	Ірі қара мал және жеке тұлғалар үшін құрылыс кезеңінде уақытша бағдар бөліп беру Табиғи көріністе өтеу немесе уақытша алаң/жерді тиесілі тұлғаларға бөліп беру
Осал тұлғалар	Олардың өмір сүру деңгейі жоба нәтижесінде төмендегеніне көз жеткізу үшін осал топпен жиі кездесу (ай сайын немесе тоқсан сайын)	Олардың тіршілік деңгейін жақсарту бойынша көмек көрсету (мысалы құрылыс дәлізіне байланысты жету қиын болса, көлік беру) Мүгедектерге, әйелдерге және созылмалы ауруы бар адамдарға олардың денсаулығына құрылыс жұмыстары әсер етпеуін табиғи нысанда

		өтеу (тозаң, шу)
--	--	------------------

6-кестеде көрсетілген тармақтарды қамту үшін тиісті жер иелері/пайдаланушылардың жер телімдерін сатып алу мәселесі бойынша тараптық аудит өткізілетін болады.


5.10 ТҚІЖ/ТҚҚ ШЕҢБЕРІНДЕ ІС-ШАРАЛАР

ҚазАвтоЖол ТҚҚ және ТҚІЖ іске асыру шеңберінде негізгі қызметтерге жауап береді. ТҚІЖ барлық процесін өткізетін және аталған тапсырмаларды орындайтын тіршілік жағдайы/әлеуметтік жағдайын қалпына келтіру бойынша тараптық консультант тағайындалатын болады. ЖІТ ҚазАвтоЖол құрамында ТҚҚ іске асырылуын қамтамасыз ету және ТҚІЖ әзірлеу мақсатында мынадай іс-шараларды орындайды:

1 кесте: Тіршілікті қалпына келтіру бойынша іс-шаралар

Іс-шара	Жауапты	Орындау мерзімі
ТҚІЖ әзірлеуді басқаратын команда тағайындау.	ҚазАвтоЖол	Жобаны іске асыру тобын құрғаннан кейін жыл ішінде практикалық орындалатын уақытта
ЖҚТ консультация өткізу және жер сатып алу келіссөздері мен өтемақы беру процесін аяқтау үшін жоба бойынша ЖҚҚ тағайындау.	ҚазАвтоЖол	ТҚІЖ әзірлеу командасын құрғаннан кейін мүмкіндігіне қарай
Тиісті жер иелерімен және пайдаланушылармен жерасты өтпелерінің орны, құрылыс лагерьлері мен әлеуетті жаңа керьерлер немесе қоймалар орны туралы консультация алу	ҚазАвтоЖол және ЖСҚ мердігері (жерді уақытша сатып алуға жауапты)	ТҚІЖ әзірлеу командасын құрғаннан кейін мүмкіндігіне қарай
ТҚІЖ әзірлеу үшін әлеуметтік мәселелер бойынша консультант жалдау	ЕҚДБ көмектесуімен ҚазАвтоЖол	Қаржыландыруды келіскеннен кейін бірнеше ай ішінде
Іле ауданы және Қапшағай қаласы әкімдерімен ТҚІЖ қатысты жұмысты бастау	ҚазАвтоЖол және тағайындалған ЖҚҚ	ТҚІЖ консультантын тағайындағаннан кейін мүмкіндігіне қарай
ТҚІЖ әзірлеп енгізу (ЕҚДБ келісуден кейін)	ҚазАвтоЖол тараптық консультантқа ТҚІЖ өкізуді тапсырады ПЗС мердігері барлық уақытша жер сатып алу үшін ТҚІЖ процестерін қадағалайтын болады	Жерді алғанға дейін
ТҚІЖ іске асыру шеңберінде санақ және әлеуметтік-экономикалық сауалнама өткізу. Ақпаратты электрондық түрле сақтау керек, ал ҚазАвтоЖол консультант тексеретін жеңілдетілген тізбені жаңартып отыратын болады. Жеке ақпаратты қорғау барлық кезеңде тексерілетін болады.	Тараптық консультант	ТҚІЖ консультантын тағайындағаннан кейін мүмкіндігіне қарай
Әкімдер көмегі жағдайында тиісті тұлғалармен құрастырымды және мөлдір консультациялар өткізу	Тараптық консультант	Жобаны жобалаудың барлық кезеңінде, дайындау мен іске асыруда
Тиісті өтемақы пакетін дайындап талдау (жер немесе қаражат түрінде) және тиісті тұлғаларға көмек көрсету.	ЖҚҚП, тараптық консультант, Іле ауданы және Қапшағай қаласының әкімдігі	Құрылысты бастағанға дейін санақ және әлеуметтік-экономикалық сауал біткеннен кейін
Жол бөліктерін жабу мен құрылысты бастаудың нақты күнін растау	ҚазАвтоЖол	Мүмкін болғанға дейін
Уақытша кіреберіс жолдарын салу және тұрғылықты халыққа қолайсыздық тудырмау үшін құрылыс лагерьлерінің орналасу орны мәселелері бойынша әкімдіктермен жұмыс	ҚазАвтоЖол және Іле аудандық әкімдігі, ЖҚҚ	ТҚІЖ іске асырудың барлық процесі бойына.
Шағымдар қарастыру тетігін енгізу және ТҚІЖ мониторингті жүзеге асыру	ҚазАвтоЖол	Жобаны жобалаудың барлық кезеңінде, дайындау мен іске асыруда

А ҚОСЫМШАСЫ: ШАҒЫМДАРДЫ ҚАРАСТЫРУ ЖАЛОБ ПРОЦЕДУРАСЫ ЖӘНЕ ХАБАРЛАМА БЕРУ НЫСАНЫ



ЖҚТ хабарласу нысаны

Тіркеу №:	
ТАӨ	
<p>Ескертпе: <i>сіз егер қажет деп тапсаңыз өз атыңызды көрсетпеуіңізге болады немесе оны сіздің келісіміңіз үшінші тұлғаларға көрсетпеуге өтінім бере аласыз</i></p> <p><input type="checkbox"/> Мен шағымды аноним бергім келеді</p> <p><input type="checkbox"/> Менің атымды келісімімсіз көрсетпеуді сұраймын</p>	
Байланыс ақпараты	<input type="checkbox"/> Пошта арқылы: Өзіңіздің пошта мекенжайыңызды көрсетіңіз: _____ _____ _____ <input type="checkbox"/> Телефон арқылы: _____ <input type="checkbox"/> Электрондық поштамен _____
Сізбен қалай хабарласқанды белгілеңіз (пошта арқылы, телефон электрондық пошта арқылы)	
Тіл	<input type="checkbox"/> Қазақ <input type="checkbox"/> Басқа
Қай тілде хабарласқан дұрыс	
Шағым мәнін сипаттау:	Не болды? Қай жерде болды? Кіммен болды? Нәтижесінде қандай проблема туындады?
Оқиға/жағдай күні	
	<input type="checkbox"/> Бір рет болды (күні _____) <input type="checkbox"/> Бір реттен артық болды (неше рет? _____) <input type="checkbox"/> Тұрақты (проблема қазір де бар)
Проблеманы қалай шешу керек деп ойлайсыз?	

Толтырылған пішінді мында тапсыруды сұраймыз: **«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ**

ТАӘ: Әлия Зейнуллина
Атауы: «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ экологиялық және әлеуметтіке мәселелер
жөніндегі маманы - «Құрылыс дирекциясы»
Телефон: +7 701-982-66-57
Мекенжайы: Республика, даңғ 24, Астана қ.
E-mail: a.zeinullina@kazautozhol.kz
Веб-сайт: www.kazautozhol.kz

В ҚОСЫМШАСЫ – ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

ТҚҚ	Тіршілікті қалпына келтіру қағидаттары
ТҚІЖ	Тіршілікті қалпына келтіру бойынша іс-шаралар жоспары
ЕҚДБ	Еуропа қайта құрылымдау және даму банкі
ХҚК	Халықаралық қаржы корпорациясы
МТӨЖ	Мүдделі тараптармен өзара әрекет ету жоспары
ЖҚТ	Жобаға қатысты тұлғалар
ЖСҚ	Жобалау, сатып алу және құрылыс
ТС	Тиімділік стандарты
ТР	Іске асыру талаптары
ОРО	Қоғамдастықпен жұмысқа жауапты
ЖІТ	Жобаны іске асыру тобы